

Қаржылық мониторинг органдарында (Экономикалық тергеу қызметі) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғалар үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 3 қарашадағы № 38 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 қарашада № 30402 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2025 жылғы 12 наурыздағы № 3 бүйрүғымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 12.03.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бүйрүққа қосымшаға сәйкес Қаржылық мониторинг органдарында (Экономикалық тергеу қызметі) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғалар үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Кадр жұмысы департаменті заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) осы бүйрүқтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрүқ ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрүқ алғаш ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы

Ж. Элиманов

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы
2022 жылғы 3 қарашадағы
№ 38 бүйрүкка
қосымша

Қаржылық мониторинг органдарында (Экономикалық тергеу қызметі) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғалар үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары мен мерзімдері

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы қағидалар қаржылық мониторинг органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) (бұдан әрі – ЭТК) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын адамдар үшін тәлімгерлікті ұйымдастыру ережелері мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаларды бейімдеу – құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын адамның кәсіптік дағдыларды игеру, ұйымдық (корпоративтік) мәдениетке баулу, ЭТК қызметіне бейілділікті қалыптастыру процесі;

2) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлға – ЭТК қызметіне алғаш рет тұрган және оны келіп түскен күннен бастап бір жыл ішінде өткеретін адам.

Осы қағидаларда пайдаланылатын барлық өзге терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес түсіндіріледі.

2-тaraу. Тәлімгерлікті жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері

3. Құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаның атқаратын лауазымы бойынша өзіне жүктелген жедел-қызметтік міндеттерді өз бетінше және сапалы орындауы үшін кәсіби білімді және тұрақты практикалық дағдыларды менгеру, тандаған мамандығына қызығушылықты дамыту, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, қызметтің қындықтарына моральдық-психологиялық орнықтылықты нығайту, тәртіптілік және Қазақстан Республикасының заңнамасын қатаң сақтау мақсатында бейімдеу рәсімінен өтуі қажет.

4. Қалыптасу барысында құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлға бейімделудің келесі кезеңдерінен өтеді:

1) кәсіптік бейімдеу – өзіне қатысты тәлімгерлік жүзеге асырылатын адамның кәсіптік білім мен дағдылар жүйесін, оларды практикада тиімді қолдану қабілетін менгеру процесі;

2) лауазымдық бейімдеу – өзіне қатысты тәлімгерлік жүзеге асырылатын адамның қызметтік іс-әрекет жағдайлары мен режиміне бейімделу, лауазымдық міндеттерін сапалы орындау дағдыларын менгеру арқылы атқаратын лауазымына бейімделу процесі;

3) тұлғааралық бейімделу – кәсіби қызығушылықтар мен бейімділіктер негізінде әріптестермен белгілі бір қатынастар құру жолымен топқа қатыстылық сезімін қалыптастыру.

Сонымен қатар, бұл ретте қарым-қатынас құрылымы, байланыс жүйесі, ұжымның нормалары мен құндылықтары, ұжымдағы жеке тұлғаның мәртебесі объективті факторлар ретінде қарастырылады.

5. ЭТҚ-ға құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаларды бейімдеуді ұйымдастыру кадр қызметіне, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) аппарат басшысына, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері (бұдан әрі – аумақтық органдар) бағыт бойынша басшыларының орынбасарларына жүктеледі, олар:

1) жаңадан қабылданған немесе тағайындалған қызметкерді жеке құрамға ұсынады, тәлімгер тағайындау туралы бұйрықты жариялады;

2) оларға жас қызметкерлермен жұмыс жоспарларын құрастыруда әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді, олардың орындалуына пәрменді бақылауды қамтамасыз етеді;

3) тәлімгердің жас қызметкермен бірге қызмет атқаруы, олардың қызметтік міндеттерін орындауы, заңнаманы, қосымша әдебиетті зерделеуі үшін жағдайлар жасайды;

4) тәлімгерлікті ұйымдастырудың озық тәжіриbesін зерделейді және жинақтайды, тәлімгерлік жұмысты одан әрі жетілдіру, оның қызметтік міндеттерді шешудегі рөлін арттыру және занылықты сақтау туралы ұсыныстар енгізеді.

6. Тәлімгерлік ұзақтығы құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаға бір жыл ұзақтығына белгіленеді.

7. Тәлімгерлікті жүзеге асыру мерзіміне құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлға немесе тәлімгер дәлелді себептермен жұмыста болмаған кезеңдер есептелмейді.

8. Тәлімгерлер белгілі бір кәсіби тәжірибесі бар және келесі талаптарға сәйкес келетін ЭТҚ қызметкерлерінің ішінен таңдалады:

1) "1-сыныпты маман-тәлімгер" біліктілік санатының болуы;

2) құқық қорғау органдарында кемінде бес жыл еңбек сінірген;

3) тәртіптік жазалардың болмауы.

Көрсетілген талаптарға сәйкес келетін тәлімгердің кандидатурасы болмаған кезде тәлімгер ретінде құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаның тікелей басшысы бекітіледі.

9. Қызметкерді тәлімгер ретінде бекіту кадр қызметінің ұсынысы негізінде, Агенттік төрағасының не аумақтық орган басшысының бұйрығымен жас қызметкерді ЭТҚ-ға қызметке қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғамен жұмыс нәтижелері тәлімгердің пікірінде көрсетіледі, олар қадр мәселелері жөніндегі комиссияның отырысында бағаланады.

Қарау нәтижелері бойынша Комиссия тарапынан келесі шешімдердің бірі шығаралады:

- 1) теріс пікірлерге байланысты алты ай мерзімге қосымша тәлімгерлікке жолдау;
- 2) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаның кейбір сипаттамаларын жетілдіру бойынша ұсыным беру;
- 3) тәлімгерлік нәтижелерін макұлдау.

Комиссия Агенттік (Департамент) басшылығына тәлімгерлердің жұмысын жетілдіру, тәлімгерліктің үздік тәжірибесін тарату, ведомстволық ақпараттық аландарда тәлімгерлер жұмысының нәтижелерін, тәлімгерлер туралы пікірлер жариялау бойынша ұсыныстар дайындау.

10. Тәлімгерлікті тоқтату Агенттік төрағасының не аумақтық орган басшысының бұйрығымен келесі жағдайларда жүргізіледі:

- 1) тәлімгерді қаржылық мониторинг органдарынан шыгару;
- 2) тәлімгерді немесе құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаны басқа аумақтық органға аудиоформалдана (тағайындау) не басқа құқық қорғау органына іссапарға жіберу;
- 3) тәлімгерді немесе құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаны қызметтің басқа ерекшелігіне байланысты басқа лауазымға аудиоформалдана жағдайларда жүргізіледі.

Бұл ретте құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлға үшін тәлімгерлікті жүзеге асыру мерзімі өзгермейді.

11. Тәлімгер олардың алдына қойылған міндеттерге сәйкес:

1) Құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаға таңдалған кәсіптің дағдыларын игеруге көмек көрсетеді, оған лауазымдық нұсқаулықты түсіндіреді, жеке мысалда қызметтік міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындау тәсілдері мен әдістерін көрсетеді, жіберілген қателіктерді анықтайды, уақытылы жояды және бірлесіп талдайды;

2) сезімталдық пен ұқыптылық танытады, тәкаппарлыққа жол бермейді, құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаның жұмыс нәтижелеріне дұрыс нысанда баға береді;

3) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаның ерікті, моральдық-адамгершілік және іскерлік қасиеттерін, оның қызметке, ұжымға, азаматтарға деген көзқарасын, тұрмыстық жағдайларын, хоббиін, бейімділігін,

бос уақыттық қарым-қатынас шенберін жан-жақты зерделейді, әлеуметтік мәселелерді талқылауға белсенді қатысады және қызмет атқару кезінде моральдық-психологиялық турақтылықты нығайтады;

4) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаның қызметтік және қоғамдық қызметіне, қызметтен тыс міnez-құлқына байланысты мәселелерді талқылауға қатысады, ЭТҚ басшысына оны көтермелеу, тәрбиелік және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

5) құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаны ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысуға тартады;

6) тоқсан сайын осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейімделу кезеңі өткеннен кейін кері қайтарып алууды жасайды;

7) тындаушылардың жеке құрамымен және өзге де оқытылатын аудиториясымен сабак өткізу кезінде дәріскер ретінде қатысады (азаматтық оқу орындары, кәсіптік даярлау жүйесіндегі сабактар);

8) кадр мәселелері жөніндегі комиссия отырысында құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлғаның бейімделу процесі, тәртібі мен міnez-құлқы және оның қалыптасуына өзінің жеке ықпалының нәтижелері туралы есеп береді.

Бір тәлімгерге екіден артық қызметкер бекітілмейді.

12. Құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын тұлға:

1) қызметтің теориялық және практикалық дағдыларын меңгереді;

2) заңнаманы және ұсынылған әдебиеттерді дербес зерделейді, белгіленген мерзімде жеке жоспарда көзделген іс-шараларды орындайды;

3) қажетті дағдыларды меңгереді, азаматтармен, әріптермен, қоғам өкілдерімен кәсіби, сауатты, әдепті қарым-қатынас орнатады;

4) тәлімгерден жұмыстың барлық озық нысандары мен әдістерін, қойылған міндеттерді практикалық шешуді мүқият үйренеді және тәлімгердің нұсқаулары мен ұсынымдарын уақытылы орындайды;

5) ұжымның ар-намысын бағалайды, қызметте және қызметтен тыс өзін абыраймен ұстайды, ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысады.

13. Осы қағидалардың ережесі аға және жоғары басшы құрам лауазымдарына алғаш рет қабылданатын адамдарға қолданылмайды.

Қаржылық мониторинг
органдарында (экономикалық
тергеу қызметі) құқық қорғау
қызметіне алғаш рет
қабылданатын тұлғалар үшін
тәлімгерлікті ұйымдастыру
қағидалары мен мерзімдеріне
қосымша
Нысан

Бейімделу кезеңіндегі жас қызметкердің жұмысы туралы ПКР

(бейімделу кезеңі аяқталғаннан кейін тәлімгер толтырады)
Жас қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Лауазымы _____

ЭТК қызметке қабылдау күні _____

Пікір жазу күні _____

№ р/б	Сипаттамалар ы	Айқындылық дәрежесі				
		Өте елеулі	Елеулі	Орташа	Әлсіз	Өте әлсіз
1.	Сырт келбетін ұқыпты ұстаяу					
2.	мақсаттылық					
3.	табандылық					
4.	борыш сезімі					
5.	жауапкершілік					
6.	адалдық					
7.	тәртіптілік					
8.	өзіне сын көзбен қарау					
9.	өзіне деген талапшылдық					
10.	ұйымшылдық					
11.	ұқыптылық					
12.	жинақтылық					
13.	шығармашыл ық қиял					
14.	ой-өріс					
15.	ең бек сүйгіштік					
16.	тындау және қарым-қатына с жасау қабілеті					
17.	әдептілік					
18.	адамдармен оңай және тез байланыс орната білу					
19.	жоғары тұрган қызметкерлер					

	мен дұрыс қарым-қатына с күра білу				
20.	әріптерімеге дұрыс қарым-қатына с күра білу				
21.	өз біліктілігін арттыруға үмтүлу				
22.	оку қабілеті				
23.	шиеленісті жағдайларда ұстамдылық, байсалдылық				
24.	өз жұмысын ұйымдастыру қабілеті				
25.	жұмыс қабілеттілігі				
26.	жұмыстағы бастамашылық				
27.	жұмыстағы дербестік				
28.	нормативтік құқықтық актілерді зерделеу сапасы				
29.	нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істей білу				
30.	нормативтік құқықтық актілерді жұмыста қолдана білу				
31.	функциялық міндеттерді орындау				
32.	қызметтік тәртіпті сактау				
33.	еңбек тәртібін сактау				

Өзге мәліметтер: _____

Жас қызметкерді тәрбиелеу үшін не істей керек:

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәлімгер
"КЕЛІСЕМІН"

тікелей басшысы

20 ж. " "

Ескертпе: Тәлімгерлік аяқталғаннан кейін пікір, бейімделудің жеке жоспары, тәлімгер күнделігі жас қызметкердің жеке ісіне тігіледі.